

«Айяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесі

Ата-аналарға арналған кеңес
«Сөйлеу қабілетін үй жағдайында қолдау
және ынталандыру»

Педагог-логопед: М.М. Укасова

2025-2026 оқу жылы

Ата-аналарға кеңес тақырыбы: «Сөйлеу қабілетін үй жағдайында қолдау және ынталандыру»

Неліктен бұл маңызды?

Баланың сөйлеу қабілеті – оның ойлау, қарым-қатынас жасау, эмоциясын білдіру дағдыларының негізі. Үйдегі дұрыс қолдау баланың тілінің тез әрі дұрыс дамуына ықпал етеді.

Үй жағдайында сөйлеуді дамытуға арналған кеңестер

1. Баламен үнемі сөйлесіңіз

Күнделікті әрекеттерді (тамақтану, киіну, серуен) сөзбен сүйемелденіз.

Мысалы: «Қазір біз аяқ киім киеміз», «Бұл – алма, ол қызыл».

Бұл баланың сөздік қорын байытады.

2. Кітап оқу – ең тиімді әдіс

Күн сайын 10–15 минут ертегі оқыңыз.

Сұрақтар қойыңыз:

«Бұл кім?»

«Не істеп жатыр?»

Баланың түсіну және сөйлеу дағдысы дамиды.

3. Ойын арқылы үйрету

Дидактикалық ойындар ойнаңыз:

«Бұл не?»

«Дыбысын тап»

«Жұбын тап»

Ойын – бала үшін ең табиғи оқу тәсілі.

4. Дұрыс сөйлеуге үлгі болыңыз

Баланың сөзін түзеткенде жұмсақ түрде қайталап айтыңыз:

Бала: «Маши»

Сіз: «Иә, бұл машина»

Қателікті сынамай, дұрыс үлгі көрсетіңіз.

5. Саусақ ойындары мен өлеңдер

Қысқа тақпақтар, әндер, саусақ жаттығулары сөйлеуді белсендіреді.

Ұсақ моторика мен сөйлеу тығыз байланысты.

6. Телефон мен теледидарды шектеу

Пассивті көру сөйлеуді дамытпайды.

☞ Оның орнына тірі қарым-қатынас маңызды.

7. Баланы тыңдаңыз

Сөйлегенде бөліп тастамаңыз, соңына дейін тыңдаңыз.

☞ Бұл оның өзіне сенімділігін арттырады.

Қашан маманға жүгіну керек?

Егер бала:

2–3 жаста сөздерді аз қолданса

Сөздерді түсініксіз айтса

Сөйлем құрауда қиындық көрсе

Логопед немесе психологқа қаралған дұрыс.

Қорытынды

Баланың сөйлеуін дамыту – тек маманның емес, ата-ананың да күнделікті жұмысы.

Жылы қарым-қатынас, тұрақты сөйлесу және ойын арқылы үйде-ақ үлкен нәтижеге жетуге болады.